

Хаттама №3

Михаил Русаков атындағы санаторлық мектеп – интернат КММ Қамқоршылық кеңесінің отырысы

15.10.2022

Балқаш қаласы

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. «Қамқоршылық кеңесінің жаңа оқу жылындағы жоспарымен танысу, бекіту»
2. «Мектепке жол - 2022» Республикалық қайырымдылық акциясы бойынша жүргізілетін жұмыстар есебі.
3. Оқушылардың күзгі демалыс уақыттарын тиімді өткізу жұмыстары
4. Әртүрлі сұрақтар

Катысқандар : Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, қамқоршылық кеңесі мүшелері - 7 адам, мектептің ата – аналар комитеті мүшелері.

1. Тындалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры П.С.Жамшыбаева сөз алып, қамқоршылық кеңесінің жалпы мақсаты-міндеттерімен және мектептің жалпы базалық жағдайымен таныстырып өтті.

Перизат Серікбайқызы сонымен қатар ағымдағы жүріп жатқан жұмыстарды да айта келе , оқушылардың қауіпсіздігі, сабакқа келу тәртібі, мектеп ережелерін сактауды еске салып өтті. Және де ата – аналар, қамқоршылық кеңесі мүшелері тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

2. Екінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогі А.К.Катенова сөз алып, «Мектепке жол - 2022» Республикалық қайырымдылық 1 тамыздан -30 күркүйек аралығында жүріп өткені жайлы ақпарат берді

«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы жыл сайын өткізіліп келеді.

Балаларға жаңа оқу жылының сәтті болуы үшін қажетті мектеп және спорттық киім, аяқ киім мен кеңсе керек-жараптары табысталды.

Қазіргі уақытта көп балалы отбасыдан шыққан балаларға және аз қамтамасыз етілген отбасыларға, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға кеңсе керек-жараптарын, мектеп және спорт киімін сатып алуға

көмек көрсетеү үшін демеушілерді тарту жұмыстары жүргізілді.

Ата-аналарды акцияның

мақсатымен таныстыру үшін ақпараттық стенд дайындалды, тәрбиешілер электрондық түрде қосымша ақпарат таратты. Ай бойы қабылданған өтініштер саны -75, барлық балалар саны -105. Акция бойынша көмек қажет ететін жетім және ата-ананың қамқорынсыз қалған балалар, аз қамтылған, көп балалы, жалғыз басты ата-аналар туралы мәлімет жинақталып, көмек беру жұмыстары жүргізілді.

Ата-аналарға сенім телефоны жұмыс жасады 7-20-17.

Жыл сайын акцияға Балқаш қаласының мемлекеттік қызметкерлері, сол сияқты жеке кәсіпкерлер, қала жүртшылығы белсene катысады. Қаламыздың жеке кәсіпкерлеріне сұраныс хаттар жіберіліп, 55 бала 1 050 000 теңге көлемінде мектепке арналған киім-кешекпен және оку-құралдарымен қамтамасыз етілді. Балаларға қуаныш сыйлаған жеке кәсіпкерлер

1. Крюков Сергей Александрович және «Балқаш Кулинария» ұжымы;
2. Мұслымов Ахат Қадырұлы және «Алтын арна» ұжымы;
3. Дастан Жұмабайұлы және «Стан» ұжымы;
4. «Балхаш Ломбард» Есенова Гульмира Умерсериковна;
5. ЖК «Балкен» Гульфайрус Бақытқызы;
6. «Арзан» Қалиолла Жарас
7. ЖК Қасымбеков Серік Төлегенұлы;
8. Касіпкерлер одағы;
9. «Каусар» дүкені;
10. ЖК «Гаунар»;
11. ЖК Хафизова А.З;
12. ЖК Айнур Толегеновна;
13. «Бахыт» рестораны, Майра Қажығалиқызы
14. «Ақжол» көлік жүргізу мекемесі Заир Тоқбайұлы.

Барлық ата-аналар мен оқушылардың атынан алғыс айтылды және қалалық білім бөлімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Акция бойынша жұмыс қарқынды жүргізілді.

3. Ушінші сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.А.Махмутова сөз алып, санаулы күннен кейін оқушылардың күзгі демалысы басталады, оқушылардың демалысын толыққанды, қызықты өтуі ол әрине сіздер ата – аналар , және де мектеп ұжымына байланысты, оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында демалыс барысында мектепте әртүрлі іс – шаралар, қызықты спорттық ойындар өткізіледі, сол іс – шараларға оқушылардың катысуын қамтамасыз ету ата – анатың құзырында, қазіргі таңда елімізде жасөспірімдердің құқық бұзушылығы көп орын алада, оның себебі, оқушылардың бос уақыттарын